

___-қосымша

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы 16 қыркүйектегі
№ 399 бұйрығына

___-қосымша

Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «География» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы

Түсінік хат

Оқу бағдарламасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы № 12 бұйрығымен бекітілген бастауыш және негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35670 болып тіркелген).

«География» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы оқыту мен тәрбиенің біртұтастығын іске асыруды, базалық құндылықтарға негізделген мазмұндық концептілер арқылы білім алушының дүниетанымын, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

«География» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны негізгі орта білім беру бағдарламасын аяқтаған білім алушының бойында тұлғаның өзін-өзі жетілдіру, тілдік және коммуникативтік, мәдени-әлеуметтік, еңбек, танымдық, ғылыми және зерттеу, ақпараттық-технологиялық түйінді құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған.

«География» оқу пәнін оқытудың мақсаты: дүниенің географиялық бейнесін тұтас қабылдайтын, географиялық ойлау қабілеті дамыған, географияның әдістері мен тілін білетін және қолданатын, географиялық мәдениеті бар тұлға тәрбиелеу.

«География» оқу пәнін оқытудың міндеттері:

1) табиғи және антропогендік нысандарды, құбылыстар мен мәселелерді қамтитын әлемнің географиялық бейнесін ашу, қоршаған әлемнің аумақтық айырмашылықтарын, олардың объективті сипаты мен адамдардың өмірі үшін маңыздылығын түсінуді қалыптастыру;

2) білім алушылардың бойында табиғат пен қоғам арасындағы өзара байланыстарға, осы байланыстардың кеңістіктік ерекшеліктеріне ғылыми

көзқарастарды қалыптастыру;

3) қоғамдық өндірістің, табиғатты қорғау мен табиғатты тиімді пайдаланудың ғылыми-жаратылыстану, әлеуметтік-экономикалық негіздерін ашу;

4) білім алушылардың географиялық зерттеу әдістері мен зерттеу дағдыларын игеруіне ықпал ету;

5) география ғылымының түсініктері мен терминдерін меңгеруіне ықпал жасау;

6) кеңістіктік ойлау мен картографиялық дағдыларды қалыптастыру;

7) географиялық білімді күнделікті өмірде, өз іс-тәжірибесінде пайдалану дағдыларын дамыту.

«География» оқу пәні – табиғи, қоғамдық, әлеуметтік нысандарды, құбылыстарды, үдерістерді бірлікте қарастыратын маңызды пән. География табиғи және антропогендік нысандардың арасындағы кеңістіктік-уақыттық өзара байланыстар мен өзара тәуелділіктерді зерттейді.

Тұлғаның географиялық мәдениеті – Жер табиғаты, оның әртүрлілігінің себептері, халық және оның шаруашылық іс әрекеті туралы білімге негізделген өмірлік құндылықтар жүйесі. Бұл жүйеде қоршаған ортаға деген құндылықтық қатынас жүйе құраушы болып табылады және ол «адам-табиғат-қоғам-мәдениет» қарым-қатынасы процесінде оқушының мінез-құлқын реттейді.

Дүниенің географиялық бейнесі – аумақтық табиғи-қоғамдық жүйелердің қасиеттері мен заңдылықтары туралы көзқарастар жиынтығы.

Географиялық ойлау – географиялық нысандардың, құбылыстар мен мәселелердің маңызды қасиеттерін немесе ерекшеліктерін, сондай-ақ олардың арасындағы байланыстарды тану және көрсету процесі; ол аумақтылығымен, күрделілігімен, жаһандануымен ерекшеленеді.

1-параграф. Оқу процесін ұйымдастыру

1. «География» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі:

1) 7-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

2) 8-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

3) 9-сыныпта аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

2. «География» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы құндылыққа, тұлғаға бағдарланған, құзыреттілік, конструктивистік, белсенділік, коммуникативтік, инклюзивті тәсілдерді қолдана отырып іске асырылады.

3. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың ұсынымдарына сәйкес ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар үшін олардың мүмкіндіктерін ескере отырып бейімделеді.

2-параграф. Оқу пәнінің мазмұны

4. «География» пәні оқу бағдарламасының мазмұны оқытудың бөлімдері бойынша ұйымдастырылған. Бөлімдер сыныптар бойынша күтілетін нәтиже түрінде берілген оқу мақсаттарын қамтитын бөлімшелерден тұрады.

5. Әр бөлімшеде көрсетілген оқу мақсаттары педагогке білім алушылармен жұмысты жүйелі түрде жоспарлауға, сондай-ақ олардың жетістіктерін бағалауға және оқытудың келесі кезеңдері туралы хабардар етуге мүмкіндік береді.

6. Оқу пәнінің мазмұны 6 бөлімнен тұрады:

- 1) географиялық зерттеулер;
- 2) картография;
- 3) физикалық география;
- 4) әлеуметтік география;
- 5) экономикалық география;
- 6) елтану және саяси география негіздері.

7. «Географиялық зерттеулер» бөлімі «Географиялық зерттеу әдістері» бөлімшесінен тұрады.

8. «Картография» бөлімі «Географиялық карталар» бөлімшесінен тұрады.

9. «Физикалық география» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) литосфера;
- 2) атмосфера;
- 3) гидросфера;
- 4) биосфера;
- 5) табиғи кешендер.

10. «Әлеуметтік география» бөлімі «Халық географиясы» бөлімшесінен тұрады.

11. «Экономикалық география» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) табиғат ресурстары;
- 2) әлеуметтік-экономикалық ресурстар;
- 3) дүниежүзілік экономиканың салалық және аумақтық құрылымы;
- 4) әлемдік экономиканың даму үрдістері мен көрсеткіштері.

12. «Елтану және саяси география негіздері» бөлімі «Дүниежүзі елдері» бөлімшесінен тұрады.

13. 7-сыныпқа арналған «География» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) «Географиялық зерттеулер»: географиялық ақпаратпен және дереккөздермен жұмыс; зерттеудің эксперименттік және далалық әдістері; географиялық деректерді ұсыну және талдау.

2) «Картография»: карталармен жұмыс; бағдарлау және цифрлық картография; картографиялық ақпаратты жасау, талдау және өңдеу.

3) «Физикалық география»: литосфераның құрылымы мен заттық құрамы; жердің тектоникалық құрылымы және литосфералық тақталардың қозғалысы; литосфералық катаклизмдер; литосфералық катаклизмдер кезіндегі қауіпсіздік; атмосфераның құрылымы мен құрамы; ауа райы және метеорологиялық элементтер; синоптикалық материалдарды талдау; қолайсыз атмосфералық құбылыстар; гидросфера және оның құрамы; Дүниежүзілік

мұхитты зерттеу; мұхит суларының қасиеттері мен ағыстары; су экожүйелерінің мәселелері мен қорғау; биосфера және оның құрамы; өсімдіктер мен жануарлар әлемін зерттеу; топырақ және топырақ түзілуі; адамның әсері және табиғатты қорғау; құрлықтар мен мұхиттардың географиялық орналасуы; табиғат кешендерінің қалыптасуы; туған өлкенің табиғат кешендері.

4) «Әлеуметтік география»: әлемнің этнолингвистикалық бейнесі; әлемнің діни әртүрлілігі; тарихи-мәдени өркениетті аймақтар ; ұлтаралық және конфессияаралық келісім.

5) «Экономикалық география»: табиғат ресурстарын бағалау; табиғат ресурстарының кеңістіктік бойынша талдау; табиғи ресурстарды игеру және оларды пайдалану мәселелерін шешу; Қазақстандағы аймақтық даму факторы ретіндегі инфрақұрылым; энергетикалық инфрақұрылым: маңызы, сипаттамалары мен болашағы; шаруашылық құрылымы: экономиканың негізгі секторлары.

6) «Елтану саяси география негіздерімен»: әлем елдерінің географиялық жағдайы; географиялық жағдайын бағалау.

14. 8-сыныпқа арналған «География» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) «Географиялық зерттеулер»: география ғылымы және оның зерттеу әдістері; географиялық деректерді талдау және түсіндіру; географиялық модельдеу және деректерді визуализациялау; зерттеу нәтижелерін ұсыну және академиялық адалдық.

2) «Картография»: карталардың әртүрлі түрлерімен жұмыс; цифрлық картография және деректерді талдаудың заманауи технологиялары, тақырыптық карталарды құру және сипаттау.

3) «Физикалық география»: жер қыртысының дамуы және геохронологиясы; жер бедерінің қалыптасуы, жіктелуі және шаруашылық іс әрекетке әсері; минералдар, тау жыныстары және пайдалы қазбалар; климатология негіздері; климаттық белдеулер және климат типтері; климат және адамның іс-әрекеті; климаттық өзгерістер мен экологиялық мәселелер; құрлық суларының пайда болуы мен қалыптасуы; өзендер: құрылымы мен гидрологиялық режимі; көлдер, мұздықтар және олардың ерекшеліктері; экологиялық мәселелер және табиғи апаттардан қорғау; табиғи зоналардың қалыптасуы; табиғи зоналарының ерекшеліктерін салыстыру; мұхиттардағы тіршілік; табиғатты қорғау және тұрақты даму; географиялық қабықтың құрылымы; географиялық қабықтың заңдылықтары.

4) «Әлеуметтік география»: халықтың саны мен ұдайы өсуін зерттеу; демографиялық көрсеткіштерді талдау; демографиялық мәселелер бойынша елдерді жіктеу; демографиялық саясат және болжау; көші-қон үрдістері және көші-қон саясаты.

5) «Экономикалық география»: табиғат ресурстарын бағалау; аймақтардың табиғи-ресурстық әлеуеті; ресурстарды қайта өңдеу технологиялары және өндіріс; қаржы-экономикалық, байланыс және цифрлық инфрақұрылым: маңызы мен дамуы; дүниежүзілік шаруашылығының

құрылымы мен ұйымдастырылуы; экономикалық жүйелердің дамуындағы факторлар мен айырмашылықтар; жаһандық экономикалық үдерістер; дүниежүзілік экономиканың болашағы.

6) «Елтану саяси география негіздерімен»: дүниежүзінің саяси картасы; саяси картаның динамикасы мен өзгерістері; халықаралық интеграция және геосаясат.

15. 9-сыныпқа арналған «География. Қазақстан географиясы» оқу пәнінің базалық мазмұны келесі тараулардан тұрады:

1) «Географиялық зерттеулер»: Қазақстандағы географиялық зерттеу бағыттары; географиялық номинация және халықтық терминдер; географиялық зерттеулердегі академиялық мәдениет: деректерді ұсыну, талдау және түсіндіру.

2) «Картография»: картографиялық деректерді пайдалана отырып, географиялық өзара байланыстарды талдау; геоақпараттық жүйелер және географиялық зерттеулердегі қашықтықтан зондтау; картографиядағы цифрлық технологиялар және жасанды интеллект; геоақпараттық технологиялар және оларды шаруашылық пен ғылымда қолдану.

3) «Физикалық география»: Қазақстан аумағының геологиялық және тектоникалық құрылысы, жер бедері; Қазақстанның оронимдері: пайда болуы мен мәні; Қазақстанның минералды ресурстары: таралуы мен шаруашылық маңызы; Қазақстанның минералдық ресурстарын тиімді пайдалану; Қазақстан климатының жалпы сипаттамасы; аймақтардың климаттық ерекшеліктері; климаттық ресурстар; қолайсыз климаттық құбылыстар және олардың салдары; қазақ тіліндегі климаттық ұғымдар, қазақ халқының климаттық терминологиясы; Қазақстанның ішкі сулары: жіктелуі мен сипаттамалары; гидронимдер және олардың қазақ дәстүріндегі мәні; су ресурстарының экономикалық маңызы; су ресурстарының экологиялық мәселелері және оларды шешу; Қазақстанның су ресурстарының геосаяси мәселелері; Қазақстанның табиғи зоналары; табиғатты қорғау іс әрекеті және табиғи мұра; ноосфера және тұрақты даму; Қазақстанның табиғи кешендері және олардың ерекшеліктері; табиғи кешендерге антропогендік әсер; табиғи кешендерді қалпына келтіру және антропогендік ландшафттар.

4) «Әлеуметтік география»: Қазақстан халқының демографиялық құрылымы; еңбек ресурстары және олардың экономика үшін маңызы; көші-қон үдерістері және көші-қонды реттеу саясаты; Қазақстанның елді мекендері мен ойконимдері; урбанизация: мәселелері мен болашағы.

5) «Экономикалық география»: Қазақстанның табиғи-ресурстық әлеуеті және оны пайдалану; табиғатты тұрақты пайдалану және аумақтарды дамыту; ғылыми-техникалық прогресс және оның әсері; адами капитал және оның дамуы; Қазақстанның инфрақұрылымдық және инновациялық дамуы; экономиканың салалық және аумақтық құрылымы; экономикалық дамудың факторлары мен болашағы; дүниежүзілік шаруашылықтың негізгі субъектілері мен құрылымы; халықаралық еңбек бөлінісі және экономикалық қатынастар; дүниежүзілік экономиканың даму тенденциялары; Қазақстан дүниежүзілік экономикада.

6) «Елтану саяси география негіздерімен»: Қазақстан жаһандық

экономикалық және саяси контексте; Қазақстанның саяси-әкімшілік құрылымы; Қазақстанның халықаралық кеңістіктегі позициясы.

3-параграф. Оқу пәні бойынша күтілетін нәтижелерге бағдарланған оқу мақсаттары

16. Үлгілік оқу бағдарламасында оқытудың күтілетін нәтижелеріне жету оқу пәнінің мазмұнын анықтау үшін негіз болатын оқу мақсаттарымен қамтамасыз етіледі.

17. Негізгі орта білім беру мазмұнын игерудің күтілетін нәтижелері білім алушыда азаматтық-патриоттық, көшбасшылық, этикалық, әлеуметтік-адамгершілік, өзін-өзі ұйымдастыру, шығармашылық түйінді құзыреттерді қалыптастыруға бағдарланады.

18. «Географиялық зерттеулер» және «Картография» бөлімдерін оқытудың бірқатар мақсаттары ортақ болып табылады. Ортақ оқу мақсаттары зерттеу, аналитикалық және картографиялық құзыреттерді қалыптастыра отырып, географиялық білім берудің әдіснамалық негізін қалады. Ортақ оқу мақсаттары оқу жылының басында оқытылады, жеке сабақтар өткізілмейді және пәнаралық байланыстар мен дағдылардың кешенді дамуын қамтамасыз ете отырып, тақырыптар бойынша тапсырмаларға біріктіріледі. Ортақ оқу мақсаттары география бөлімдерінің мазмұнына енеді және бағалаудың кешенді критерийлерінде көрінеді, бұл оқытуды біртұтас және қолданбалы етеді.

19. Оқу мақсаттары бөлім бойынша әр сыныпқа берілген:

Білім алушы білуі тиіс:				
Бөлім	Бөлімше	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1. Географиялық зерттеулер	1.1. Географиялық зерттеу әдістері	7.1.1.1 географияның зерттеу нысандарын анықтау; 7.1.1.2 саяхатшылар мен зерттеушілердің география ғылымының дамуына қосқан үлесін сипаттау; 7.1.1.3 академиялық	8.1.1.1 география ғылымының салаларға бөлінуін түсіндіру және зерттеудің негізгі бағыттарын анықтау; 8.1.1.2 географиялық құбылыстар мен мәселелерді зерттеу үшін	9.1.1.1 қазақстандық зерттеушілердің география ғылымына қосқан үлесін және оның дамуының өзекті бағыттарын талдау; 9.1.1.2 қазақтың халықтық географиялық терминдерін қоса алғанда,

		адалдық қағидаттарын сақтай отырып, географиялық ақпарат көздерімен (карталар, суреттер, мәтіндер, фотосуреттер, графикалық материалдармен) жұмыс істеу; 7.1.1.4 географиялық нысандардың сипатын эксперименттік жолмен анықтау; 7.1.1.5 далалық географиялық зерттеу әдістерін қолдану (деректерді тіркеу, жинау, өңдеу және талдау); 7.1.1.6 географиялық нысандардың, құбылыстар мен үдерістердің сипатын графикалық түрде көрсету (сызба, диаграмма, график);	далалық, картографиялық және теориялық әдістерді қолдану; 8.1.1.3 сандық және сапалық географиялық деректерді өңдеу және талдау; 8.1.1.4 географиялық нысандардың, құбылыстар мен үдерістердің ерекшеліктерін түсіндіру үшін модельдерді (физикалық, графикалық, математикалық, цифрлық) құру және пайдалану; 8.1.1.5 ғылыми деректердің академиялық адалдығы мен дұрыстығын сақтай отырып, зерттеу нәтижелерін әртүрлі нысандарда ұсыну	географиялық нысандар мен құбылыстар номинациясының ерекшеліктерін анықтау; 9.1.1.3 этикалық қағидаттар мен ғылыми стандарттарды сақтай отырып, зерттеу нәтижелерін академиялық түрде ұсыну
2. Картография	2.1 Географиялық карталар	7.2.1.1 шартты белгілерді, масштабты	8.2.1.1 цифрлық ресурстарды пайдалана	9.2.1.1 жалпыгеографиялық және

		қолдана отырып, тақырыптық карталарды оқу; 7.2.1.2 координаттар мен картографиялық деректерді пайдалана отырып, картадағы географиялық номенклатура нысандарының орнын анықтау; 7.2.1.3 заманауи цифрлық навигациялық құралдарды (GPS, мобильді қосымшалар, онлайн-карталар) пайдалана отырып, жергілікті жерде бағдарлану; 7.2.1.4 Деректерді өңдеу және талдау үшін ЖИ құралдарын пайдаланып, географиялық нысандарды жүйелеу және визуализациялау арқылы картасызбалар	отырып, карталарды топтастыру және олар бойынша ақпаратты талдау; 8.2.1.2 карталарды жіктеу, картографиялық бейнелеу тәсілдері негізінде карталардың мазмұнын талдау және географиялық номенклатура нысандарын көрсету; 8.2.1.3 географиялық деректерді, соның ішінде жасанды интеллектке негізделген құралдарды іздеу және талдау үшін ғаламдық картографиялық (Google Maps, OpenStreetMap, QGIS және т.б.) және спутниктік суреттерді пайдалану; 8.2.1.4 сипаттамалық элементтермен (профиль, диаграммалар,	тақырыптық карталарды, олардың ішінде цифрлық форматта пайдалана отырып, Қазақстанның географиялық нысандарының, құбылыстары мен үдерістерінің өзара байланысын талдау; 9.2.1.2 географиялық нысандар мен үдерістерді зерттеу үшін ГАЗ және цифрлық карталарды пайдалану; 9.2.1.3 жерді қашықтықтан зондтау негіздерін және оның географиялық зерттеулердегі маңыздылығын түсінуді көрсету; 9.2.1.4 жасанды интеллект негізіндегі құралдарды қоса алғанда, цифрлық тақырыптық карталар мен картасызбалар
--	--	--	--	---

		жасау; 7.2.1.5 атрибутивтік деректерді талдай отырып, географиялық нысандарды тақырыпқа сәйкес кестелерде топтау және көрсету	графиктер, кестелер) толықтыра отырып, тақырыптық карталар мен картасызбалар жасау	жасау; 9.2.1.5 экономика мен ғылымның түрлі салаларындағы геоақпараттық технологиялард ың маңыздылығын түсіндіру
3. Физикалық география	3.1 Литосфера	7.3.1.1 литосфераның құрылымы мен заттық құрамын анықтау; 7.3.1.2 Жердің тектоникалық құрылымын, жер қыртысының тектоникалық қозғалысын және литосфералық тақталардың орналасуын сипаттау; 7.3.1.3 жер қыртысының тектоникалық қозғалыстарын талдау: дрейф, коллизия, субдукция, спрединг; 7.3.1.4 әлемде және Қазақстанда литосфералық катаклизмдерді ң таралуы мен	8.3.1.1 тау жыныстарының жасын анықтау әдістерін (радиометриял ық даталау, стратиграфия, геофизикалық) түсіндіру; 8.3.1.2 геологиялық жыл санау мен геохронологиял ық кестені қолдана отырып, жер қыртысының қалыптасуы мен Жердегі тіршіліктің дамуының негізгі кезеңдерін анықтау; 8.3.1.3 жер бедерінің қалыптасу заңдылықтарын зерттеу және оның пішіндерін жіктеу;	9.3.1.1 қазіргі кезеңді қоса алғанда, Қазақстанның тектоникалық құрылымы мен геологиялық тарихын талдау; 9.3.1.2 Қазақстанның негізгі орографиялық нысандарын (таулар, жазықтар, үстірттер, ойпаттар), олардың ерекшеліктерін және тектоникалық құрылыммен өзара байланысын сипаттау; 9.3.1.3 Қазақстан оронимдері номинациясын ың ерекшеліктерін зерттеу,

		себептері мен салдарын түсіндіру; 7.3.1.5 литосфералық катаклизмдер кезіндегі мінез-құлық ережелерін түсіндіру	8.3.1.4 құрлық пен мұхиттардың жер бедерін жоспар бойынша сипаттау және ұқсас орографиялық нысандарды салыстыру; 8.3.1.5 тау жыныстары мен минералдарды жіктеу, олардың физикалық-химиялық қасиеттерін анықтау; 8.3.1.6 тау жыныстары мен минералдардың қалыптасу үдерістеріне байланысты пайдалы қазбалардың таралу заңдылықтарын талдау	олардың табиғи және мәдени контекстегі мәнін талдау, үш тілде транслитерациясын ұсыну; 9.3.1.4 Қазақстанның минералдық ресурстарының таралу заңдылықтарын, олардың географиялық орналасуын анықтау; 9.3.1.5 Қазақстанның минералдық ресурстарын, олардың қорларын, экономика үшін маңыздылығын және пайдалану болашағын талдай отырып бағалау; 9.3.1.6 Қазақстанның минералдық ресурстарын (экологиялық, экономикалық, әлеуметтік) игеру мәселелерін жіктеу және аймақтық ерекшеліктерді ескере отырып, оларды шешу жолдарын
--	--	---	--	---

				ұсыну
3.2 Атмосфера	7.3.2.1 атмосфераның құрамы мен құрылысын графикалық түрде көрсету; 7.3.2.2 ауа райын қалыптастырудың ағы метеорологиялық элемент ретіндегі температураның маңыздылығын, оны өлшеу және нәтижелерді тіркеудің графикалық көрінісі негізінде түсіндіру (жергілікті компонентті ескере отырып); 7.3.2.3 ауа райының қалыптасуындағы метеорологиялық элемент ретінде қысымның және желдің маңыздылығын оны өлшеу және нәтижелерді бекітудің графикалық	8.3.2.1 жергілікті климаттық жағдайларды ескере отырып, климат түзуші факторлардың және атмосфераның жаһандық айналымының климатқа, адамның өмірі мен шаруашылық іс әрекетіне әсерін түсіндіру; 8.3.2.2 климаттық белдеулердің ерекшеліктерін талдау және әртүрлі құрылыстарда орналасқан ұқсас белдеулерді салыстыру арқылы заңдылықтарды анықтау; 8.3.2.3 жаһандық және қазақстандық контекстегі мысалдарды талдай отырып, адам әрекетінің атмосфера мен климатқа теріс әсерін түсіндіру және экологиялық	9.3.2.1 Қазақстанның климат қалыптастырушы факторларын анықтау; 9.3.2.2 Қазақстан аймақтарының климаттық ерекшеліктерін салыстыру және графикалық түрде көрсету; 9.3.2.3 Қазақстанның климаттық ресурстарын бағалау; 9.3.2.4 қолайсыз және қауіпті табиғат құбылыстарының таралуын талдау, сондай-ақ олардан қорғау шараларын ұсыну; 9.3.2.5 қазақ халқының атмосфералық және климаттық құбылыстары номинациясының ерекшеліктерін анықтау, олардың жергілікті табиғи-климаттық және мәдени	

		көрінісі негізінде түсіндіру; 7.3.2.4 ауа райының қалыптасуындағы метеорологиялық элемент ретінде жауын-шашынның, бұлттылықтың және ылғалдылықтың маңыздылығын оны өлшеу және нәтижелерді бекітудің графикалық көрінісі негізінде түсіндіру; 7.3.2.5 жергілікті климаттық ерекшеліктерді қоса алғанда, қолайсыз атмосфералық құбылыстардың салдарын талдау негізінде халықты және аумақтарды қорғау шараларын ұсыну	мәселелерді шешудің мүмкін жолдарын ұсыну; 8.3.2.4 құрлықтардың климатын жоспар бойынша сипаттау (таңдау бойынша);	контекстегі мәнін талдау
	3.3 Гидросфера	7.3.3.1 гидросфераны және оның құрамдас	8.3.3.1 құрлық суларының қалыптасу үдерістерін	9.3.3.1 Қазақстанның ішкі суларын (өзендер,

		бөліктерін сипаттау; 7.3.3.2 су ресурстарының маңыздылығын түсіндіру; 7.3.3.3 дүниежүзілік мұхиттың құрамы мен географиялық орнын сипаттау; 7.3.3.4 мұхиттар мен олардың құрамдас бөліктерін жоспар бойынша сипаттау; 7.3.3.5 мұхит суының қасиеттеріне әсер ететін факторларды анықтау; 7.3.3.6 мұхит суларының қозғалысын жіктеу және түсіндіру; 7.3.3.7 мұхит және теңіз суларымен байланысты қауіптерді жіктеу, қорғау жолдарын ұсыну; 7.3.3.8 Дүниежүзілік мұхит мәселелерін	анықтау; 8.3.3.2 өзен аңғары құрылысының ерекшеліктерін және өзендердің гидрологиялық режимін түсіндіру; 8.3.3.3 көлдер мен мұздықтарды жоспар бойынша сипаттау; 8.3.3.4 құрлық суларының негізгі түрлерінің экономикалық маңыздылығын анықтау және олардың жіктелуі негізінде экологиялық мәселелерді шешу жолдарын ұсыну; 8.3.3.5 табиғи және антропогендік қауіп факторларын ескере отырып, суға қатысты табиғи апаттардың алдын алу және олардан қорғау шараларын ұсыну;	көлдер, мұздықтар, жер асты сулары), олардың жіктелуі және негізгі гидрологиялық көрсеткіштері негізінде талдау; 9.3.3.2 қазақ халқының гидронимдері номинациясының ерекшеліктерін анықтау, олардың жергілікті табиғи және мәдени контекстегі маңызын талдау және оларды үш тілде транслитерациялауды ұсыну; 9.3.3.3 Қазақстанның су ресурстарына экономикалық баға беру; 9.3.3.4 жергілікті ерекшеліктерді ескеріп, су ресурстарының экологиялық мәселелерін, олардың себептері мен салдарын талдай отырып анықтау және
--	--	--	---	---

		топтастыру және олардың шешу жолдарын ұсыну		шешудің мүмкін жолдарын ұсыну; 9.3.3.5 Қазақстанның су ресурстарына байланысты геосаяси мәселелерді талдау
3.4 Биосфера	7.3.4.1 биосфераның құрамын, құрылысын, шекараларын және қасиеттерін анықтау; 7.3.4.2 аймақтардың өсімдіктер мен жануарлар дүниесін зерттеу, олардың таралуы мен сақталуына әсер ететін факторларды анықтау; 7.3.4.3 топырақ түзілу үдерістерін зерттеу және өз жеріндегі топырақтың құрамын, қасиеттері мен түрлерін анықтау; 7.3.4.4 шаруашылық іс әрекеттің	8.3.4.1 құрлықтардың табиғи зоналары мен биіктік белдеулерінің қалыптасуын түсіндіру, жоспар бойынша сипаттау; 8.3.4.2 мұхиттағы тіршіліктің таралуын анықтау; 8.3.4.3 биологиялық алуантүрлілігі мен экожүйені сақтау құралы ретінде әртүрлі ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құрудың орындылығын түсіндіру	9.3.4.1 Қазақстанда топырақ түрлерінің құрамы мен таралуын анықтау; 9.3.4.2 Қазақстанның табиғи аймақтары мен биіктік белдеулеріне салыстырмалы талдау жасау; 9.3.4.3 Қазақстанның ерекше қорғалатын табиғи аумақтарын сипаттау және табиғи мұрасын бағалау; 9.3.4.4 ноосфера тұжырымдамасын талдау және Қазақстанның оның дамуына қосқан үлесін бағалау	

		табиғатқа әсерін бағалау; 7.3.4.5 қоршаған ортаны қорғау шараларын ұсыну		
	3.5 Табиғат кешендері	7.3.5.1 құрлықтар мен мұхиттардың географиялық орналасуын жоспар бойынша сипаттау; 7.3.5.2 табиғи кешендердің қалыптасуын түсіндіру: географиялық қабық, құрлықтармен мұхиттар, зоналар мен белдеулер, ландшафттар; 7.3.5.3 туған өлкенің табиғи кешендерін жоспар бойынша сипаттау	8.3.5.1 географиялық қабық заңдылықтарын ың маңыздылығын түсіндіру (зат және энергия айналымы, біртұтастылық, ырғақтылық, зоналылық).; 8.3.5.2 топырақтың зоналық таралуының географиялық заңдылықтарын талдау	9.3.5.1 Қазақстанның ірі табиғи кешендерін жоспар бойынша сипаттау; 9.3.5.2 өзгерістердің себептері мен салдарын талдай отырып, жергілікті географиялық ерекшеліктерді ескеріп, антропогендік фактордың табиғи кешендерге әсерін зерттеу; 9.3.5.3 антропогендік ландшафттарды жақсарту жолдарын ұсыну: рекультивация, мелиорация, ландшафт дизайны
4. Әлеуметтік география	4.1 Халық географиясы	7.4.1.1 негізгі тілдік семьялар мен топтардың таралуын талдай отырып,	8.4.1.1 халық санын анықтау әдістерін түсіндіру; 8.4.1.2	9.4.1.1 Қазақстан халқының этникалық, діни және

		әлемнің этнолингвистикалық бейнесін түсіндіру; 7.4.1.2-әлемдік, ұлттық, дәстүрлі діндердің таралуы мен ерекшеліктерін талдай отырып, әлем халқының діни құрамын анықтау 7.4.1.3 халықтың этникалық және діни құрамына байланысты әлемнің тарихи-мәдени өркениетті аймақтарының қалыптасуын түсіндіру; 7.4.1.4-ұлтаралық және конфессияаралық келісім қажеттілігін талдау және оны қалыптастыру жолдарын ұсыну (қазақстандық компонент қамту негізінде)	халықтың ұдайы өсу типі бойынша дүниежүзі елдерін жіктеу; 8.4.1.3 негізгі демографиялық көрсеткіштерді есептеу негізінде демографиялық жағдайды анықтау: халық саны, туу және өлім-жітім коэффициенттері, табиғи және механикалық өсім, жалпы өсім, жыныс-жас көрсеткіштері, ұлттық және діни құрам; 8.4.1.4 елдердің демографиялық көрсеткіштерін түсіндіру және графикалық түрде көрсету; 8.4.1.5 дүниежүзі елдерін демографиялық мәселелер бойынша жіктеу; 8.4.1.6 жеке елдердің демографиялық саясатын сипаттау	демографиялық құрылымын талдау; 9.4.1.2 еңбек ресурстарының сандық және сапалық құрамын бағалау, олардың ел экономикасына әсерін болжау; 9.4.1.3 Қазақстандағы көші-қон үдерістерін талдау және көші-қон саясаты бойынша ұсыныстар әзірлеу 9.4.1.4 Қазақстанның елді мекендерін жіктеу, олардың тарихи-мәдени ерекшеліктерін (ойконимдерін), функционалдық аймақтарын зерделеу және олардың мәселелерін шешуді ұсыну; 9.4.1.5 Қазақстандағы урбандалу процесін бағалау
5. Экономика	5.1 Табиғат ресурстары	7.5.1.1 табиғат ресурстарын	8.5.1.1 табиғат ресурстарын	9.5.1.1 Қазақстанның

лық география		жіктеу; 7.5.1.2 жергілікті компонентті ескере отырып, табиғат ресурстарының таралу заңдылықтары н талдау; 7.5.1.3 табиғат ресурстарын игеру мәселелерін, оның ішінде жергілікті ерекшеліктерді ескере отырып талдау және оларды шешудің тиімді жолдарын ұсыну	экономикалық және экологиялық бағалау; 8.5.1.2 әлемнің жеке аймақтарының табиғат ресурстарының әлеуетін бағалау; 8.5.1.3 әртүрлі табиғат ресурстарын қайта өңдеу технологиялары н және өнім түрлерін талдау (өндірудің, өңдеудің, қоршаған ортаға және экономикаға әсер етудің заманауи технологиялары н зерттеу)	табиғи-ресурстық әлеуетін, оның аймақтар бойынша бөлінуін және экономика үшін маңыздылығын талдай отырып бағалау; 9.5.1.2 табиғат ресурстарын өндіру мен өңдеуді, олардың экономика мен экспорттағы рөлін талдау; 9.5.1.3 табиғатты пайдалану түрлеріне жіктеу және олардың экономика мен экологияға әсерін бағалау; 9.5.1.4 аймақтық ерекшеліктер мен жаһандық сын-тегеуріндерді ескере отырып, табиғатты тиімді пайдалану жөнінде ұсыныстар әзірлеу
	5.2 Әлеуметтік-экономикалық ресурстар	7.5.2.1 көлік инфрақұрылымының элементтерін, олардың	8.5.2.1 қазақстандық компонентті ескере отырып, экономикалық	9.5.2.1 ғылыми-техникалық прогрестің Қазақстан мен оның

		сипаттамалары негізінде (өткізу қабілеті, пайдаланушылар үшін ыңғайлылық, экологиялық тұрақтылық, экономикалық тиімділік және қауіпсіздік) қазақстандық компонентті ескере отырып салыстыру; 7.5.2.2 энергетикалық инфрақұрылым элементтерінің маңыздылығын, олардың сипаттамалары негізінде қазақстандық компонентті ескере отырып бағалау	инфрақұрылым элементтерінің маңыздылығын олардың сипаттамалары негізінде бағалау	аймақтарының экономикалық дамуына әсерін талдау; 9.5.2.2 адами капитал индексі деңгейін бағалау, оны дамыту бойынша шешімдер әзірлеу; 9.5.2.3 индустриялық-инновациялық өсім мен инновациялық инфрақұрылымның жай-күйін бағалай отырып, Қазақстанның экономикалық дамуын болжау
	5.3 Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымы	7.5.3.1 шаруашылық ұғымын және оның негізгі секторларын (өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, қызмет көрсету саласы) анықтау, олардың экономикадағы жалпы рөлін түсіндіру	8.5.3.1 негізгі секторларды және олардың өзара байланыстарын анықтай отырып, дүниежүзілік шаруашылықтың салалық құрылымын талдау; 8.5.3.2 дүниежүзілік шаруашылықтың аумақтық ұйымдастыру	9.5.3.1 Қазақстан экономикасының негізгі секторларын (энергетика, металлургия, ауыл шаруашылығы, транспорт, туризм, қызмет көрсету саласы) және олардың елдің дамуына әсерін талдау; 9.5.3.2 өнеркәсіптік

		ерекшеліктерін, қазақстандық компонентті қосымша қамти отырып, жетекші өнеркәсіптік, ауыл шаруашылығы және қаржы орталықтарын орналасуын анықтау; 8.5.3.3 табиғи, технологиялық, геосаяси және демографиялық факторлардың салалар мен аймақтардың дамуына әсерін бағалау; 8.5.3.4 салалық құрылым мен экономикалық даму деңгейіндегі айырмашылықтарды анықтай отырып, елдердің экономикалық жүйелерін салыстыру; 8.5.3.5 халықаралық сауданы, капитал қозғалысын және интеграциялық үдерістерді қоса алғанда, жаһандық	орталықтарды, ауыл шаруашылығы аймақтары мен көлік тораптарын орналастыру заңдылықтарын анықтай отырып, Қазақстан шаруашылығының аумақтық құрылымын бағалау; 9.5.3.3 Қазақстанның экономикалық дамуына табиғи, демографиялық, технологиялық және геосаяси факторлардың әсерін бағалау; 9.5.3.4 қазіргі заманғы тенденцияларды (индустрияландыру, цифрландыру, «жасыл» экономика, туризм, атом энергетикасы) ескере отырып, Қазақстанның экономикалық өсу болашағын болжау
--	--	--	--

			экономикалық үдерістерді талдау; 8.5.3.6 қазіргі заманғы тенденциялар мен технологиялық инновациялард ы ескере отырып, әлемдік экономиканың даму болашағын болжау	
	5.4. Дүниежүзілі к шаруашылық тың даму тенденцияла ры мен көрсеткіштер і			9.5.4.1 дүниежүзілік шаруашылық және олардың субъектілерінің жаһандық экономикалық дамуға әсерін сипаттау; 9.5.4.2 халықаралық еңбек бөлінісін және оның әлемдік сауда мен елдердің мамандануына әсерін түсіндіру; 9.5.4.3 әлемдік экономиканың негізгі көрсеткіштерін (ЖІӨ, ЖҰӨ, жан басына шаққандағы ЖІӨ) және олардың динамикасын

				бағалау (қазақстандық компонентті ескере отырып); 9.5.4.4 Қазақстанның дүниежүзілік экономикадағы орнын, оның халықаралық саудаға, өндірістік тізбектерге және интеграциялық үдерістерге қатысуын бағалау
6. Елтану саяси география негіздерімен	6.1 Дүние жүзі елдері	7.6.1.1 географиялық орналасу түрлерін ажырату (физикалық-географиялық және экономикалық-географиялық); 7.6.1.2 қазақстандық компонентті қосымша қамти отырып, елдердің географиялық орналасуын (физика-географиялық және экономикалық-географиялық) бағалау; 7.6.1.3 қазақстандық	8.6.1.1 дүниежүзі елдерін басқару нысаны және мемлекеттік құрылымы бойынша жіктеу; 8.6.1.2 саяси картадағы сандық және сапалық өзгерістерді талдау; 8.6.1.3 елдердің саяси-географиялық жағдайына баға беру (таңдау бойынша); 8.6.1.4 саяси, экономикалық және мәдени ынтымақтастық ты қоса алғанда,	9.6.1.1 экономикалық даму деңгейі бойынша Қазақстанды қоса алғанда, дүниежүзі елдерін топтастыру; 9.6.1.2 Қазақстан Республикасының әлеуметтік, экономикалық және саяси-географиялық жағдайын басқа елдермен салыстыра отырып бағалау; 9.6.1.3 әртүрлі мақсатты аудиториялар үшін Қазақстан Республикасы

		компонентті қосымша қамти отырып, елдердің экономикалық-географиялық жағдайын жақсарту жолдарын ұсыну	халықаралық интеграцияның қажеттілігі мен мақсаттарын түсіндіру; 8.6.1.5 саяси, экономикалық және аймақтық одақтардағы рөлін бағалай отырып, Қазақстанның халықаралық интеграциядағы мүдделері мен стратегиялық басымдықтарын талдау	туралы елтану ақпаратын ұсыну
--	--	---	--	-------------------------------

Оқу мақсаттары кодпен белгіленеді. Кодтық белгідегі бірінші цифр сыныпты, екінші және үшінші цифрлар бөлім мен бөлімшені, төртінші цифр оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 7.2.1.2 кодында «7» сынып, «2» бөлім, «1» бөлімше, «2» оқу мақсатының реттік саны..

20. Бөлімді және тақырыптарды оқытуға арналған сағат санын педагог бөледі.

21. Осы оқу бағдарламасы Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «География» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес іске асырылады.

4-параграф. Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «География» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспар

1) 7-сынып:

Бөлімше	Тақырыптар	Оқу мақсаттары
1-тоқсан		
1. Географиялық зерттеу әдістері		
1.1 Зерттеулер және зерттеушілер	Географияны зерттеу нысандары	7.1.1.1 географияны зерттеу нысандарын анықтау;
	География	7.1.1.2 саяхатшылар мен

	ғылымының дамуы	зерттеушілердің география ғылымының дамуына қосқан үлесін сипаттау;
	Географиялық дерек көздері Географияда графикалық әдістердің қолданылуы	7.1.1.3 академиялық адалдық қағидаларын сақтай отырып, географиялық ақпарат көздерімен (карталар, суреттер, мәтіндер, фотосуреттер, графикалық материалдар) жұмыс істеу;
	Эксперименттік және далалық зерттеу әдістері	7.1.1.4 географиялық нысандардың қасиеттерін эксперименттік жолмен анықтау; 7.1.1.5 далалық географиялық зерттеу әдістерін қолдану (деректерді тіркеу, жинау, өңдеу және талдау);
	Географиялық деректерді ұсыну және талдау	7.1.1.6 географиялық нысандардың, құбылыстар мен үдерістердің сипатын графикалық түрде көрсету (сызба, диаграмма, график);
2. Картография		
1. Географиялық карталар	Картамен жұмыс	7.2.1.1 шартты белгілерді, масштабты қолдана отырып, тақырыптық карталарды оқу; 7.2.1.2 координаттарды және картографиялық деректерді пайдалана отырып, картадағы географиялық номенклатура нысандарының орналасқан жерін анықтау;
	Бағдарлау және цифрлық картография	7.2.1.3 заманауи цифрлық навигациялық құралдарды (GPS, мобильді қосымшалар, онлайн-карталар) пайдалана отырып, жергілікті жерге бағдарлану
	Картографиялық ақпаратты құру, талдау және өңдеу	7.2.1.4 Деректерді өңдеу және талдау үшін ЖИ құралдарын пайдаланып, географиялық нысандарды жүйелеу және визуализациялау арқылы картасызбалар жасау; 7.2.1.5 тақырыпқа сәйкес географиялық нысандарды кестелерде топтастыру және көрсету, олардың атрибутивтік деректерін талдау.)
3. Физикалық география		

3.1 Литосфера	Литосфераның құрылысы мен заттық құрамы	7.3.1.1 литосфераның құрылысы мен заттық құрамын анықтау;
	Жердің тектоникалық құрылымы және литосфералық тақталардың қозғалысы	7.3.1.2 Жердің тектоникалық құрылымын және литосфералық тақталардың орналасуын сипаттау; 7.3.1.3 жер қыртысының тектоникалық қозғалыстарын талдау: дрейф, коллизия, субдукция, спрединг; 7.3.1.4-әлемде және Қазақстанда литосфералық катаклизмдердің таралуы мен себептері мен салдарын түсіндіру 7.3.1.5-литосфералық катаклизмдер кезіндегі мінез-құлық ережелерін түсіндіру.
«Географиялық зерттеулер» бөлімі бойынша ортақ оқу мақсаттары	1.1 Географиялық зерттеу әдістері	7.1.1.3 академиялық адалдық қағидаттарын сақтай отырып, географиялық ақпарат көздерімен (карталар, суреттер, мәтіндер, фотосуреттер, графикалық материалдар) жұмыс істеу; 7.1.1.6 географиялық нысандардың, құбылыстар мен үдерістердің сипатын графикалық түрде көрсету (сызба, диаграмма, график);
«Картография» бөлімі бойынша ортақ оқу мақсаттары	2.1 Географиялық карталар	7.2.1.1 шартты белгілерді, масштабты қолдана отырып, тақырыптық карталарды оқу; 7.2.1.2 координаттар мен картографиялық деректерді пайдалана отырып, картадағы географиялық номенклатура нысандарының орнын анықтау; 7.2.1.4 Деректерді өңдеу және талдау үшін ЖИ құралдарын пайдаланып, географиялық нысандарды жүйелеу және визуализациялау арқылы картасызбалар жасау;
2-тоқсан		
3 Физикалық география		

3.2 Атмосфера	Атмосфера және оның құрамдас бөліктері	7.3.2.1 атмосфераның құрамы мен құрылымын графикалық түрде көрсету
	Ауа райы және метеорологиялық элементтер	7.3.2.2 ауа райын қалыптастырудағы метеорологиялық элемент ретіндегі температураның маңыздылығын оны өлшеу және нәтижелерді бекітудің графикалық көрінісі негізінде түсіндіру (жергілікті компонентті ескере отырып); 7.3.2.3 ауа райының қалыптасуындағы метеорологиялық элемент ретінде қысымның және желдің маңыздылығын оны өлшеу және нәтижелерді бекітудің графикалық көрінісі негізінде түсіндіру; 7.3.2.4 ауа райының қалыптасуындағы метеорологиялық элемент ретінде жауын-шашынның, бұлттылықтың және ылғалдылықтың маңыздылығын оны өлшеу және нәтижелерді бекітудің графикалық көрінісі негізінде түсіндіру;
	Қолайсыз атмосфералық құбылыстар	7.3.2.5 жергілікті климаттық ерекшеліктерді қоса алғанда, қолайсыз атмосфералық құбылыстардың салдарын талдау негізінде халықты және аумақтарды қорғау шараларын ұсыну;
«Географиялық зерттеулер» бөлімі бойынша ортақ оқу мақсаттары	1 Географиялық зерттеу әдістері	7.1.1.3 академиялық адалдық қағидаттарын сақтай отырып, географиялық ақпарат көздерімен (карталар, суреттер, мәтіндер, фотосуреттер, графикалық материалдар) жұмыс істеу; 7.1.1.5 далалық географиялық зерттеу әдістерін қолдану (деректерді тіркеу, жинау, өңдеу және талдау); 7.1.1.6 географиялық нысандардың, құбылыстар мен үдерістердің сипатын графикалық түрде көрсету (сызба, диаграмма, график);
«Картография» бөлімі бойынша ортақ оқу	Географиялық карталар	7.2.1.1 шартты белгілерді, масштабты қолдана отырып, тақырыптық карталарды оқу;

мақсаттары		7.2.1.4 Деректерді өңдеу және талдау үшін ЖИ құралдарын пайдаланып, географиялық нысандарды жүйелеу және визуализациялау арқылы картасызбалар жасау;
3. Физикалық география		
3.3 Гидросфера	Гидросфера және оның құрамы	7.3.3.1 гидросфераны және оның құрамдас бөліктерін сипаттау; 7.3.3.2 су ресурстарының маңыздылығын түсіндіру;
	Дүниежүзілік мұхитты зерттеу	7.3.3.3 описывать состав и географическое положение Мирового океана; 7.3.3.4 мұхит және теңіз суларымен байланысты қауіптерді жіктеу, қорғау жолдарын ұсыну;
	Мұхит суларының қасиеттері мен ағыстары	7.3.3.5 мұхит суының қасиеттеріне әсер ететін факторларды анықтау; 7.3.3.6 мұхит суларының қозғалысын жіктеу және түсіндіру;
	Су экожүйелерін мәселелері және қорғау	7.3.3.7 мұхиттық және теңіз суларымен байланысты қауіптерден қорғау жолдарын жіктеу негізінде ұсыну; 7.3.3.8 Дүниежүзілік мұхит мәселелерін топтастыру және олардың шешу жолдарын ұсыну;
	«Географиялық зерттеу» бөлімі бойынша ортақ оқу мақсаттары	7.1.1.3 академиялық адалдық қағидаттарын сақтай отырып, географиялық ақпарат көздерімен (карталар, суреттер, мәтіндер, фотосуреттер, графикалық материалдар) жұмыс істеу; 7.1.1.6 географиялық нысандардың, құбылыстар мен үдерістердің сипатын графикалық түрде көрсету (сызба, диаграмма, график);
«Картография» бөлімі бойынша ортақ оқу мақсаттары	2.1 Географиялық карталар	7.2.1.1 шартты белгілерді, масштабты қолдана отырып, тақырыптық карталарды оқу; 7.2.1.2 координаттар мен картографиялық деректерді пайдалана отырып, картадағы географиялық

		номенклатура нысандарының орнын анықтау; 7.2.1.4 Деректерді өңдеу және талдау үшін ЖИ құралдарын пайдаланып, географиялық нысандарды жүйелеу және визуализациялау арқылы картасызбалар жасау;
3-тоқсан		
3. Физикалық география		
3.4 Биосфера	Биосфера және оның құрамы	7.3.4.1 биосфераның құрамын, құрылымын, шекаралары мен қасиеттерін анықтау;
	Өсімдіктер мен жануарлар әлемін зерттеу	7.3.4.2 аймақтардың өсімдіктер мен жануарлар дүниесін зерттеу, олардың таралуы мен сақталуына әсер ететін факторларды анықтау (экожүйелерді талдау, климаттың, жер бедерінің, адам іс әрекетінің флора мен фаунаға әсері);
	Топырақ және топырақ түзілуі	7.3.4.3 топырақ түзілу үдерістерін зерттеу және өз жеріндегі топырақтың құрамын, қасиеттері мен түрлерін анықтау; 7.3.4.4 шаруашылық іс әрекеттің табиғатқа әсерін бағалау;
	Адамның әсері және табиғатты қорғау	7.3.4.5 қоршаған ортаны қорғау шараларын ұсыну;
«Географиялық зерттеулер» бөлімі бойынша оқытудың үздіксіз мақсаттары	1.1 Географиялық зерттеу әдістері	7.1.1.3 академиялық адалдық қағидаттарын сақтай отырып, географиялық ақпарат көздерімен (карталар, суреттер, мәтіндер, фотосуреттер, графикалық материалдар) жұмыс істеу; 7.1.1.4 географиялық нысандардың қасиеттерін эксперименттік жолмен анықтау; 7.1.1.5 далалық географиялық зерттеу әдістерін қолдану (деректерді тіркеу, жинау, өңдеу және талдау); 7.1.1.6 географиялық нысандардың, құбылыстар мен үдерістердің сипатын графикалық түрде көрсету (сызба,

		диаграмма, график);
«Картография» бөлімі бойынша оқытудың үздіксіз мақсаттары	2.1 Географиялық карталар	7.2.1.1 шартты белгілерді, масштабты қолдана отырып, тақырыптық карталарды оқу; 7.2.1.2 координаттар мен картографиялық деректерді пайдалана отырып, картадағы географиялық номенклатура нысандарының орнын анықтау;
3. Физикалық география		
3.5 Табиғат кешендері	Құрлықтар мен мұхиттардың географиялық орналасуы	7.3.5.1 құрлықтар мен мұхиттардың географиялық орналасуын жоспар бойынша сипаттау;
